

Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жоғары экономикалық кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 11 сәуір N 2946. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.11.03. N 3723 жарлығымен. ~U973723

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жоғары экономикалық кеңес құрылсын (бұдан былай - Жоғары экономикалық кеңес).

2. Былай деп белгіленсін:

1) Жоғары экономикалық кеңес консультативтік-кеңесші орган болып табылады;

2) Жоғары экономикалық кеңесті Төраға - Қазақстан Республикасының Президенті басқарады;

3) Жоғары экономикалық кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды;

4) Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары болады;

5) Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілу жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына теңестіріледі;

6) Жоғары экономикалық кеңестің қызметін қамтамасыз етуді оның Хатшылығы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

3. Жоғары экономикалық кеңестің міндеттері:

1) стратегиялық сипаты бар проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар даярлау;

2) Мемлекет басшысы үшін экономиканың, оның негізгі салалары мен секторларының жай-күйі жөнінде баяндамалар мен талдау материалдарын даярлау;

3) мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатының негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) шет елдерде, соның ішінде өтпелі экономикасы бар елдерде,

экономикалық реформаларды жүзеге асыру тәжірибесін зерделеу және оны Қазақстанда қолдану жөнінде ұсыныстар даярлау;

5) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері жөнінде ұсыныстар даярлау;

6) Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын өзге де міндеттер болып табылады деп белгіленсін.

4. Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына:

- 1) Жоғары экономикалық кеңестің дербес құрамы жөнінде ұсыныс;
- 2) Жоғары экономикалық кеңес туралы ереженің жобасын;
- 3) Жоғары экономикалық кеңес Хатшылығының құрылымы мен штат саны жайында ұсыныс енгізетін болсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті